

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**Тарих кафедрасы**  
**Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АҚ мәжілісінің**  
**№ 8 хаттамасы**

Түркістан қаласы

30.05.2024 ж.

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы - PhD доцент Қ.Базарбаев, АҚ мүшесі, академиялық персонал - PhD М.Салғараев, жұмыс беруші өкілі - АҒЗИ директоры К.Жетібаев, жұмыс беруші өкілі - М.Әбеннова атындағы ЖОМ директоры Т.Мендібаева, білімгерлер өкілі - докторант З.Сенгирбаева, білімгерлер өкілі - Ү.Абдуалиев

**Күн тіртібі:**

1. ББ пәндері бойынша оқулық, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды толықтыруға ұсыныс беру
2. Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелерін талдау

**АҚ төрағасы Қ.Базарбаев:** ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау керектігіне тоқталды. АҚ мүшелері Тарих ББ лары бойынша бірқатар әдебиеттерді жаңарту мәселесі, әдебиет қорының әлі де болса жеткіліксіз екендігін атап өтті. Берілген ұсыныста тізімде көрсетілген шет елдік баспалардан шыққан оқулықтардың қолжетімсіздігі, тек ТМД аумағындағы баспалардан шыққан аздаған оқулықтардың университет кітапханасында кездесетіндігін атап өтті.

**АҚ мүшесі М.Салғараев:** 6B01615-Тарих, 6B02231-Тарих білім беру бағдарламалары Орхун сияқты халықаралық бағдарламалар аясында студенттердің ішкі және сыртқы ұтқырлықтарын жүзеге асыру мақсатында серіктес (Сақаря, Анкара, Мармара және т.б) университеттердегі білім беру бағдарламалардың оқу жоспарлары талданып, салыстырылды. 6B01615-Тарих, 6B02231-Тарих білім беру бағдарламасы жаңартылып сараптамадан өтті.

ББ бағдарламалын әзірлеу процесі жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс негізінде нәтижелі болады. Сондықтан осы бағытта жұмыс жасау барысында кафедрада ББ деңгейлері бойынша байланыс оқу жылы бойы жүргізіледі. Бұл жұмыс тек ББ әзірлеуде ғана емес диплом жұмысы мен жоба тақырыптарын талқылауда, білім алушылардың практика базаларын анықтауда маңызды процес болып саналады. Сондықтан жұмыс берушілермен ББ әзірлеу жан-жақты байланысты талап етеді.

**Шешім:**

1. Жетіспейтін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың тізімі қайта дайындалсын.
2. Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері туралы мәліметтер назарға алынсын.

АҚ төрағасы:

Хатшы:

Қ.Базарбаев

А.Оспанова